

Ш.Қ. «Ерсұлтан» жеке «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы.

Тақырыбы: «Білім күні»

*/1- Қыркүйек/*

Өткізген: А.Ш Ихсанова.

2025-2026 ЖЫЛ

## "1-қыркүйек Білім күні"

### 1-қыркүйек Білім күні

**Жүргізуші:** Армысыздар қымбатты балалар. Құрметті ата-аналар мен ұжымдастар. Бүгінгі күн бәрімізге өте ерекше күн, алғашқы қоңырау соғылып, білімнің жаңа оқу жылы басталады. Алғашқы білім күні құтты болсын!

Шайқалмасын ешкімнің шаңырағы,  
Бақыт көрсін Отанның сан ұланы.  
Енді ағайын, көгінде қалықтасын,  
Қазағымның қастерлі — Әнұраны!

**ҚР мемлекеттік әнұраны орындалады.**

**Жүргізуші:** Балалар жадыраған жаз да аяқталып, жомарт күз келді. Бүгін күздің алғашқы күні 1-қыркүйек. Бұл ата-аналар үшін де, балалар үшін де, тәрбиеші үшін өте қуанышты күндердің бірі. Жаз бойы демалған балалар сендер де өз жастарыңа лайықты білім алып, тәрбие алып жүрсіндер. Білімге талпынған балапандар қанаттарың қатая берсін! Білім күні құтты болсын! Бүгінгі білім күні мерекесімен құттықтау сөзді балабақшамыздың менгерушісі: Тлесова Динара беріледі.

Жаңа білім күніңмен!

Білім күні – мереке,  
Ән салсамда әдемі.  
Туған тілім – береке,  
Сөз арнасам кәделі!

**Хор: «Отанның жас өркені!»**

**Жүргізуші:**

Жаңа киім үстімде,  
Мақтанғымда келеді.

Білім тойы үстінде,  
Шаттанғымда келеді! -дегендей бүгінгі мектеп алды даярлық тобына келетін балалардың жүздері бал - бұл жайнап тұр. Олай болса «Жұлдыз» мектеп алды даярлық тобының тақпақтарын тыңдайық.

**Нартай:**

Соғылсын қоңырау, соғылсын,  
Сыңғырла мәңгілік сыңғырла.

Бас иеді білімге  
Білім күнін қарсы алып  
Қыркүйектің бірінде

**Асылым:**

Туған ана тілінде  
Қасиетті дінің де,  
Көкейіңе ұялар  
Құштар болсаң білімге.

**Жанай:**

Отанның біз ұл қызы,  
Халықтың біз жұлдызы.  
Оқимыз ақын жырларын,  
Оқимыз еңбек сырларын.

**Айя- Сафия:**

Ұлан болып үлгілі  
Әлі ақ өсіп толады.  
Бүлдіршіндер бұл күні  
Мектепке алғаш барады.

**Хамзат :**

Өсті міне бойымыз  
Өсті міне ойымыз.  
Қуанышқа ортақпыз  
Құтты болсын тойымыз.

**Ислам:**

Кел кел досым бақшаға  
Естимісің үнімді  
Сауат ашып тіл дамытып  
Үйренейік білімді.

**Жүргізуші: Біздің өнерлі балаларымыздың орындауында флешмоб**

**Би: «Флешмоб»**

**Жүргізуші: Білім- менің ертеңім**  
Өсу үшін өркенім  
Жүзем оқу-айдында  
Жайып білім желкенін.

**Жүргізуші:**

Ұстаздар – ұлттың тірегі,  
Ұстаздар – білім жүрегі,  
Ұрпаққа жетер ұстазбен,

Толқыған жүректер тоғысын,  
Толтырып бір арна бір жырға.  
Шаттықтың үніндей мәңгілік  
Соғылсын қоңырау, соғылсын.

**Хадиша**

Кел балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық,  
Оқысаңыз балалар  
Шамнан шырақ жағылар,  
Тілегенін алдыңнан  
Іздемей ақ табылар.

**Алихан**

Білім - менің ертеңім  
Өсу үшін өркенім.  
Жайып білім желкенін  
Білім алып келемін,  
Қиындықтан өтуге  
Армандарға жетуге

**Елшат**

Шырылдаған тыным алмай  
Қоңыраудың үні қандай  
Мақсатына жете ме адам?  
Оқу оқып білім алмай?

**Елнұр**

Балабақша анамыз  
Оқып білім аламыз  
Өнерпаз боп өсетін  
Біз бақытты баламыз!

**Айкөркем**

Балабақша айтар әнім,  
Сан рет қайталадым  
Өзіңнен алғанымды  
Өзіңе қайтарамын.

Келесі кезекте «Қарлығаш» мектеп алды даярлық тобының  
тақпақтарын тындайық!

**Аянат:**

Әлемдегі барша жұрт

Халықтың ұлы тілегі-дей келе бүлдіршіндеріміздің ұстаздарымызға арналған «Тәрбиеші» әнін қабыл алыңыздар!

**Жүргізуші:** Жаңа оқу жылы жемісті,

Мерейі үстем жыл болсын!

Бүлдіршіндеріміз өрісті,

Елім дер қыз бен ұл болсын!

Мереке тағы да құтты болсын! Әр күніміз мерекелі болсын! Қоңырау үнімен жаңа оқу жылының алғашқы оқу іс - әрекетін бастау үшін тобымызға асығайық! Бүгінгі мерекелік ертеңгілігіміз аяқталмайды

**Жүргізуші:** Ал бірінші кыркүйек,

Күнсің гой сен ең тәуір,

Өйткені ол мереке,

Бірінші күн ерекше. Осындай ерекше күнде барлығымыз бірге ойын ойнайық.

**Әр топ ойындар ойнайды:** Балдәурен тобы ортада қалады. Еркемай тобы сурет салады.

**Мектепалды даярлық топтары Жұлдыз, Қарлығаш «Ғажайып қоржын» ойынын ойнайды.**

Мақсаты: ғажайып қоржынның ішінен бірнеше заттар ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бірі бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек. (балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинайды)

Осымен білім күні аяқталды сау болыңыздар.